

Бұйрық

«27» сәуір 2026 жыл

Приказ

от «27» апрель 2026 год

№22

Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы
«Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығы және Ақтөбе облысының
білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 23.10.2024 жылғы №23-14-56-33/1433
хаты негізінде

Бұйырамын:

1. ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша 2026 жылдың 27.03-27.04 аралығында өзін-өзі аттестаттау жұмыстары ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Балабақшаны бағалау өлшемшарттарын өткізуіне байланысты кешенді-мақсатты жоспар әзірленсін.
3. Балабақшада бағалау өлшемшарттарын өткізу жөнінде төмендегі құрамда сараптау комиссиясы құрылсын.

Муханбетова З.Б.-балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы.

Мұхитова Ж.М.-әдіскер, комиссия мүшесі

Баяубай С.- тәрбиеші, комиссия мүшесі

Көшербаева А.- тәрбиеші, комиссия мүшесі

Оразбай Г.- тәрбиеші, комиссия мүшесі

Ешмағанбет А – хатшы

4. Балабақшаның бағалау өлшемшарттарының қорытындысы 2026 жылдың 30 маусымна дейін балабақшаның сайтына жариялансын.
5. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Білім беру ұйымының басшысы



Муханбетова

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

ЖШС «Samira» бөбекжай-бақшасы педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ №4 (кезектен тыс)

Өткізілген күні: 27.04.26 жыл

Қатысқандар:13 педагог

Күн тәртібі:

«Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақша қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру.

Жауапты: меңгеруші З.Б.Муханбетова

Тыңдалды:

1. Меңгеруші З.Б.Муханбетова «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақша қызметін өзін-өзі бағалауын өткізу жөніндегі келесі құрамда комиссия мүшелері құрылады. Бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөніндегі комиссия мүшелерінің құжаттар топтамасын қалыптастыру үшін ұжым тұтастай алғандай үлкен және сапалы жұмыс жүргізді. Педагогтарды өзін-өзі бағалау материалдарымен таныстырды, сонымен қатар ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау бойынша үлкен жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.
2. Тәрбиеші Баяубай С. өзін-өзі бағалау критерийлеріне сәйкес балабақша да барлық жағдай жасалған, ұйым жүйелі, сапалы жұмыс жасайды. Материалдық база жиһазбен, ойыншықтармен дамытушы ойындар мен жабдықталған. Себебі: барлық топтың жас ерекшеліктеріне сай психологиялық бақылау, диагностика түрлерін өткізген кезде балалар өз білімдерін жақсы деңгейде көрсете білді.
3. Әдіскер Ж.М.Мухитова балалардың дамуы үшін барлық жағдайлар жасалған, критерияларға сәйкес өзін-өзі бағалауды талдау нәтижелері бойынша комиссия мүшелері З.Б.Муханбетова-комиссия төрайымы, комиссия мүшелері- Баяубай С, Көшербаева А. білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысын шығарып жақсы деңгей деп бағалады. Барлық өткізілген бақылау жұмыстарының мәліметтері ЖШС «Samira» бөбекжай-бақшасы» МКҚК сайтында жүктелді.

Шешім: Балабақша қызметін өзін-өзі бағалау бойынша «жақсы» деп таңылсын.

Білім беру ұйымының басшысы



А.Т.Ә.

А.Т.Ә. (болған жағдайда)